Қ.Кемеңгеров атындағы ЖОББ мектебі

Қамқоршылық кеңесінің отырысы хаттамасы

Хаттама № 1

Күні: 20.01.2021ж.

Қатысқандар: Кабдуова М.Н. - мектеп директоры, Әбди Р.Ә. - кеңес төрағасы, Нурахметова С.Н. - кеңес тәрбиғы, Ецсебаев А.Ж. - кеңес мүшесі, Ашуев М.А. - кеңес мүшесі, Садыгазина К.К. - кеңес мүшесі. Р.С. Сапаров - хатшы

Өткізілу түрі: онлайн

Күн тәртібінде:

1. Мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстарын өткізу мәселесі.
2. Басқа да мәселелер.

1. Тыңдалды: Мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстарын өткізу мәселесі.

1.1. Сөйледі: Кабдуова М.Н. - мектеп директоры

Өз сөзінде мектеп басшысы мектепке қажет болып тұрған жөндеу мәселелерін қозғады. Ғимарат салынғаннан бері яғни 1983 жылдан бастап тереза және есік пен едендері жөндеу жұмыстарын көрмеген және ауыстырылмаған. Осыған орай мектептің аталған мүліктерін ауыстыру мәселесі өткір тұрған мәселелердің бірі. Қыс айларында ағаш кеуіп, шіріген тереза, есік тақтаулары суықты өткізіп мектепті суытып жібереді. Еден ағаштары жүргенде сықырлап, шегелерінен босап тұр. Сонымен қатар мектептің сыртқы және ішкі жағы косметикалық жөндеу жұмыстарын қажет екендігін айтып кетті. Аталған жөндеу жұмыстары биылғы жылға жоспарланғандығын атап кетті.

1.2. Сөйледі: Әбди Р.Ә. - кеңес тәрағасы.

Кеңес тәрағасы Әбди Рүстем Әбдіұлы жоғарыда мектеп басшысы атап кеткен мәселелерден хабардар екендігін айтты. Мектепте оқитын оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау мақсатында аталған жұмыстардың жүргізілуі өте қажет екендігін түсінетіндіктерін айтты. Кеңес тарапынан қолдан келген көмек жасайтындықтарын тілге тиек етті.

2. Тыңдалды: Басқа да мәселелер

2.1. М.Н. Жобдуова – мектеп директоры.

Келесі кезектегі мәселе оқушылардың сабақ оқу кезіндегі тамақтануы туралы айтты. Қазіргі эпидемиологиялық ахуалға байланысты оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы мүмкін болмай отыр. Осы орайда оқушылардың денсаулығына зиян келмеуіне әр оқушының үзіліс кезінде тамақтанатын астары мен сусындарының болуын, ата-аналарына қамтамасыз етулері қадағалануда. Сонымен қатар қосымша шаралардың онлайн өтуіне байланысты мектеп оқушылары ата-аналары тарапынан және мектеп тарапынан сабаққа жеткізуге арналған құрылғылармен қамтамасыз етілгендігі туралы айтты.

Қаулы:

1. Мезгіл уақытта өткізілетін мектепті ашуға тексеру жұмыстарының сапасын қадағалансын.
2. Онлайн сабақтар мен шараларға қатысуға кедергі туған оқушыларға көмек көрсету.

М.Н. Жобдуова
Жұди Л.В.
С.Н. Нұрахметова
А.Ж. Еңсебаев
М.А. Ашуев
Ж.Ж. Садықова
Д.С. Сапаров (хатшы)